

Балық аулау мен өндіру объектісі болып табылатын, өте сирек және жойылып кету шегінде тұрған су жәндіктері түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 22 желтоқсан N 1434. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.10. N 408 қаулысымен. ~P020408

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 18, 440-бап/ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы

21 қазандағы N 2463а-ХІІ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Балық аулау мен өндіру объектісі болып табылатын, өте сирек және жойылып кету шегінде тұрған су жәндіктері түрлерінің қоса беріліп отырған Тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1434 қаулысымен
бекітілген

Балық аулау мен өндіру объектісі болып табылатын,
өте сирек және жойылып кету шегінде тұрған су
жәндіктерінің
ТІЗБЕСІ

1. Балық аулау және өндіру объектісі
болып табылатын су жәндіктері

Қортпа
Бекіре /сібірліктен басқасы/
Шоқыр
Пілмай /арал популяциясынан басқа/
Сүйрік

Түлкібалықтар /шабақ/
Қарынсау /бадырақ көзді және дөңгелек бастыларын қоса/
Бражников /долгинскілік/ майшабағы
Қара жон
Құбылмалы бахтақ
Майқан
Көкшұбар балық
Көкшарбы
Пайда балық
Шыр
Мұқсын
Сібір хариусы
Тікенді балық
Шортан
Торта, қаракөз
Қарапайым және талас тарақ балығы
Тұрпа балық
Аққайран
Қызыл қанат
Ақ амур
Ақмарқа
Оңғақ
Қызылкөз
Қарапайым шармай
Қабыршақты және жалаңаш көкбас
Шемей май балық
Үкішабақ
Балпан /шұбар/ балық
Білеу балық
Табан
Айнакөз
Көкше
Қылышбалық
Алтын және күміс түсті мөңке балық
Сазан /тұқы/
Ақ және шұбар дөңмандай
Қарапайым жайын
Лаха
Қарапайым және балқаш /балқаш-ілілік популяциясынан басқа/

алабұғасы
Көксерке
Берш
Таутан
Жыланбас балық
Буффало
Қамбала-глосса
Каспий итбалығы
Ұзын саусақты шаян /түркістандық түрінен басқа/

II. Су жәндіктерінің сирек және жойылу
шегінде тұрған түрлері

Каспий жыланбалығы
Сырдарияның жалған тасбекіселері
Пілмай /арал популяциясы/
Волга майшабағы
Каспий және Арал албырты
Таймень
Сылан /бұқтырма-зайсандық популяциясы/
Ақ балық
Күтім
Шортан тәрізді ақмарқа
Арал және түркістан қаязы
Іле шармайы /іле популяциясы/
Шу сүйрікқанаты
Балқаш алабұғасы /балқаш-ілелік популяциясы/
Шатқалдық тас тасалғыш
Сібір бекіресі
Ұзын саусақты шаян /түркістандық түрі/

Ескерту. Тізбеден сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің
2000.11.14. N 1712.

P001712_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК